

№11 Лекция. XIX ғасырдағы Европалық өнер ерекшелігі.

Мақсаты: . Ампи́р және классицизм стильдерінің даму кезеңдерімен танысу. XIX ғасырдағы романтизм мен реализм стильдері туралы түсінік қалыптастыру.

Кілт сөздер: Энгр, Жак-Луи Давид, романтизм, реализм, классицизм

Дәріс жоспары:

1. Ампи́р стилі. XIX ғ. 1-жарт, классицизм
2. Реализмнің дамуы
3. Жерико мен Делакруаның шығармашылықтары

Ампи́р стилі. XIX ғ. I-жарт. классицизм. Буржуазилық қоғамға, заттар әлемінің сезім әлемі алдындағы үстемдігіне қарсылық классицизмға қарсы наразылықпен тұспа-тұс келді. Классицизмнің жарқын көрінісін бейнелеу өнері мен сәулет өнерінен көреміз, XIX ғ. «ампи́р» деген атаумен белгілі болған классицизмнің жаңа бағыты дамыды. Оның негізінде кез келген затқа антикалық дәуірдегідей ұлылық пен батырлық қарапайымдылық сыйлау жатты. Республика кезеңінде басталған құрылыс жұмыстары кейінірек аяқталып, өзінің мақсатын ауыстырып отырды. Монархиялық режим алғашқы кездегі таза стильді сәнді элементтермен толықтырды. Наполеонның Египетке жорығынан кейін өрнектер сфинкстермен, арыстандармен толықтырылды. Наполеонның империясы үлкен жаңалықтарға құмар болды. Париждегі Жұлдыз алаңындағы триумфалды арка рим триумфалды аркаларынан 4 есе үлкен болды. Ол мүсінмен тығыз байланысты сәулет өнерінің негізін қалады. Империяның сәулет стилі Наполеонның шығармашылық ойымен шектеліп қана қоймай, бөлінген қаржы көлемімен де есептелді: патша сарайларын қайта құру мен реставрацияға 62 млн франк: Лувр, Тюильри, Фонтенбло, Компьен, 251 млн франк – Париж пен провинцияларда ескерткіштер тұрғызуға, 5 млн фр. – мүсіншілер мен суретшілерге берілді. Революция суретшілерге бостандық берсе, ресми тапсырыстар қаржымен қамтамасыз етті. Ампи́р стилінде интерьерлер де сәндеді. Залдарда ұзын, ыңғайсыз креслолар, саркофагтарға ұқсас төсектер, ақ алебастр құмыралар, жібек жапсырманың орнына қызыл ағаш пен қола қолданылды. Киім мен шаш үлгісінде де өзгерістер орын алып, «а аля антик» түрінде болды – әйелдердің көйлектері хитонға ұқсас, ал шаштары грек мәнерінде жиналып, француз қыздары сандали киді. Жаңа классицизм Еуропаның басқа елдеріне де тарады. Еуропадағы жаңа классицизмнің оң жақтары да, теріс жақтары да бар. Кейде көркем потенциалды регресс байқалады. Сәулет өнеріндегі көркем шығармашылық формасы анықтық пен жеңілдікке ұмтылып, барокко мен рококоға қарағанда түсінуге оңайырақ болды. Сондай-ақ, классицизм Жаңа уақыт дәуірінің

талаптарына сай келді: бұрынғыда кең көлемді сарайлар мен үйлер емес, қоғамдық мақсаттағы ғимараттар – биржалар, ауруханалар, оқу орындары, балалар үйі, көп пәтерлі үйлер, фабрика ғимараттары, дүкендер, қоймалар және т.б. салынды. Жаңа классицизм психологиялық тұрғыдан да түсіндірілді: «ақсүйектер рококоны жақсы көрген болса, біз оны жек көріп кетеміз»-деген ұстаным болды. буржуазиялық революция өнерді демократизациялап, оны халыққа қолжетімді етті. Көптенген картиналар мен мүсіндер сарайлардан музейлерге көшірілді, сарайлардың жартысы музейге айналды. Наполеон Европадан жаулап алған картина коллекциясы бұрынғы патша сарайы болған Луврды толықтырды. Ол 1791 ж. музейге айналды.

Энгр шығармашылығы. Энграның шығармашылығы өнердегі үлкен өзгерістер кезеңіне сай келеді: классицизмнің орнын романтизм басады. Энгр классицизмді өзінше түсінді. 1808-18 ж. аралығында «Сидящая купальщица», «Зевс и Фетида», «Большая одалиска», «Роже и Анжелика», «Паоло и Франческа», «Рафаэль и Форнарина» туындылары салынды. Энграның тақырыптар диапазоны классицизм шекарасынан асып түседі. Классицизм патшасы деген атақты ол 1824 ж. Салонда көрмеленген «Обет Людовика XIII» суретін салған соң алады. Суретші формалардан музыка, ырғақ, линейлық, түс тепе-теңдігін іздеді. Энгр классицист ретінде кескіндеме тілін жақсы білді және реалистер сияқты бейнелеу өнерінің шекарасына сыймайтын дүниелерді іздеуге тырыспады. Энгр шығармашылығының негізгі принциптері – нақты сурет, форманы мүсіндік бейнеде жабыстыру, колорит монохромдығы. Бұны келесі туындылардан көруге болады: «Одалиска и рабыня», «Мадонна перед чашей с причастием», «Венера Анадиомена», «Турецкая баня». Шығармашылық жолында Энгр портретпен жұмыс істейді.

Жак-Луи Давид («Убийство Марата», «Клятва Горациев») Кескіндемедегі классицизмнің өкілі Жан Луи Давид(1748-1825) болды. Оның «Клятва Горациев» туындысы жаңа эстетикалық көзқарастардың айнасы болды. Рим тарихынан алынған сюжет Француз революциясындағы республикалық көзқарастың белгісі болды. Картинада Римнің құдіреттілігі туралы кикілжінде үш егіз ағайындының Куриациялық үш егіз ағайындыларды жеңуі бейнеленген. Картинада Гораций ағайындарының отан үшін күрестен тайынбайтындығы анық көрсетілген. Көріністің монументалдылығы адам табиғатындағы ең мүмкін дүние өзін-өзі құрбан ету деп көрсетеді. Жеке және қоғамдық драма қоғам мүддесіне шешілуі керек. Үш бөліктен тұратын аркада болып жатқан оқиғалардың маңыздылығын көрсетеді, ал қайғырып отырған әйелдер бейнесі Горацийліктердің өлімін білдіреді. Давидтың танымалдылығы ерекше болды. 1792 жылдан бастап ол депутат, кейін Конвенттің президенті болды. Ол өнер мен халықты сауаттандыру қатар жүруі

керек деп ұран тастады. Революциялық өнердің диктаторы болып таңдалған ол өнер туындыларын ұлттандырып, Луврды ұлттық музейге айналдыруды көздеді. Конвент оған халықтық патриоттық сезімін оятатын картиналар салуға тапсырыс берді. Осындай туындылардың қатарына «Убийство Марата Шарлоттой Корде» туындысы жатады. Суретші сол жағдайды салуға тырысты: Марат ваннада жатыр, қолында Шарлотта Корде әкелген қоштасу хаты бар. Сызықты графика мен мүсіндік сипат картинаның классицизм стилінде екенін көрсетеді. Давид археологиялық нақтылықтарды римдік жанрда салуға тырысқан алғашқы суретші: киім, бұйымдар, жиһазды. Оның картинасының арқасында антикалық жиһаз жакоб деген атаумен сәнге айналды. Осы кезде антикалық маскарад Францияны, кейін бүкіл Еуропаны басқаша киінуге мәжбүр етті. Мадам Рекамьенің портреті XIX ғ. ампир аталған стильдің үлгісі болды. XVIII ғ. Классицизм ережелерге бағынды. Оның негізгі салушы теоретің және өнер тарихшысы Иоганн Иоахим Винкельман болды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX бас кезінде феодалдық крепостнойлық қоғам ыдырап, буржуазия қанат жая бастаған дәуірде , орыс және Батыс Еуропа әдебиетінде қанатын кең жая бастаған әдеби ағым романтизм болды. Қоғам өміріндегі экономикалық өзгерістер идеологиялық мәселелерде де әр алуан өзгеріс, әр түрлі көзқарастарды туғызды. Айналасында болып жатқан өзгерістерге, өмір құбылыстарына қалай қарау мәселесі, әсіресе көркемөнер, әдебиетте анығырақ байқалды. Дамып, өсіп келе жатқан капитализмнен қысымшылық көре бастаған ұсақ буржуазия, бір жағынан, өткен күнді аңсап, өткен күнді асыра дәріптесе, екінші жағынан, қандай болары белгісіз алдағы күндерін де қиял етті. Бұл идея ол кездегі қоғам құрылысындағы зор қайшылықтар және белгілі бір қоғамдық құрылыстың әлі толық үстемдік ете алмауымен байланысты еді. Романтизм классицизммен, оның түр мен мазмұнға белгілі бір мөлшер қоюшылығымен және жазу жөніндегі тәртіптерімен күресі отырып қалыптасты. Романтизм кім қай тақырыпты таңдайды, оны қалай суреттеп береді, бұл жағынан суретшінің ерікті болуын талап етті. Шындық өмірден алыстап , болған нәрседен гөрі болуы керек деп аңсаған нәрсесін суреттеуші романтик жазушылардың шығармаларында дағдыдан тыс тарихи, не географиялық жағдайларды ,немесе өзгеше бір жаратылыс, не әлеуметтік орталарды алатындары өте жиі кездеседі.

Реализм –өнер мен көркем әдебиеттің негізгі методының бірі. Реализмнің негізі -өмір шындығы.Жазушы ақындардың бір алуаны шындықты көрсетуді негізгі нысанасы етеді де,өздеріндегі бар мүмкіншілікті пайдаланып ,шығармаларында өмірді толық ,кең түрде суреттеуге күш салады.Өмір, өмірдегі күрес ,тартыс,іс-амал,қарым-қатыстар шығармада айнаға түскен сәуледей әрі толық,әрі жанды болса деген тілек қояды.Бұл идея ,әдіс бір ақын

не бір жазушы емес, әлденеше жазушы, ақындарға тән. Осыдан келіп, олардың пікірлестік, әдістестігі, шындық өмір құбылысын әдебиетте творчестволық жолмен іске асыру мәселесі туады. Міне, осындай методпен жазуды реализм әдісі деп атайды. Еуропа мәдениетінің Француз революциясына, Ағартушылық ықпалы мен жаңа буржуазиялық тәртіпке жауабы романтизмнің мәдени қозғалысы болды. Антикалық өнердің классикалық идеалы романтиктер үшін идеал бола алмады. Романтизм эстетикаға тарихилық принципін енгізді: өткен мен бүгіннің мәдениетіндегі бағыттар тең, әлемдік өркениеттің дамуына бірдей әсер етеді. Француз романтизмінің гүлденуі 20-ж. соңына, 1830 жылы Шілде революциясының алдындағы демократиялық қозғалыс уақытына сай келді. Демократиялық қозғалыспен байланыс француз романтизмін неміс және ағылшын романтизмінен ерекшелеп тұрды. Прогрессивті романтизм капиталистік мәдениет дәуіріндегі реализмнің жаңа типінің дамуымен байланысты. Романтик суретшілердің туындыларында айналада болып жатқан нәрселерді реалистік тұрғыдан салу элементтері пайда бола бастады. «Романтизм» термині алғаш рет кескіндемеге қатысты Теодор Жериконың некрологында пайдаланылды.

Жерико мен Делакруаның шығармашылықтары. Жерико 21 жасында көрмелер экспоненті болып, өзіне Давидтікіне қарсы принцип қойды: «Натура, тек бір натура!». Оның «Скачкасы» Орас Бернеден әлдеқайда жылдам. Оның Салондағы алғашқы көрмелері өзінің жақтастары тарапынан қолдау тапты. Салонда оның «Плот Медузы» туындысының пайда болуы батыс еуропалық кескіндемеде жаңа парақтың басталуына себеп болды. Картина тақырыбы жүзуге жарамсыз кемені суға аттандырған теңіз қызметкерлерінің кесірінен қайтыс болған адамдар туралы болды. Картинаның трагедиялық көрінісі халық арасында Реставрацияның саяси жүйесіне деген наразылық тудырды. Сарай қызметкерлері картинаға сыни көзбен қараса, либералдар мен оппозиционерлер мадақтады. Жаңа эстетикалық көзқарастардың жаршысы және романдық қозғалыстың жетекшісі болған Жериконың жас досы Эжен Делакруа (1798-1863) болды. Оның туындыларының сюжеті романтизмге жақын. «Резня на Хиосе» - Грекияны түріктерден босатуға арналған соғыстың бір көрінісі; «Сарданапал» - Байронның осы аттас трагедиясындағыдай Ассирия патшасы туралы аңыз желісімен салынған; «Похищение Ревеки» - В. Скотт және т.б. бойынша. Туындыларының ең маңыздыларын 1830 жылғы Шілде революциясына арнады. 1831 ж. Салонда қойылған «Свобода, ведущая народ» картинасы замандастарын суретші шешімінің батылдығымен таңқалдырды. Картинада шынайы фактілер, образдардың символдылығы, натурализмге жететін реализм мен мінсіз сұлулық бейнеленген. Осыған байланысты кейін француздар картинаға «Марсельеза» деген атау береді.

Көркемдік мазмұны бойынша туынды керемет. Бұл романтизмнің шынайы өмірге бет бұруының алғашқы көрінісі. Делакруа кескіндемеге әлемді реалистік танудың жаңа құралдарын енгізді. 855 картина, 1500-нан астам акварель мен пастель, 6000-нан астам сурет бір тақырыпқа арналды: адамның өмірді қабылдауға, тануға құқығы. Ол өнер шекарасы туралы мәселені қарастырды. Романтиктердің шығармашылығында кескіндеме революциясы орын алды. Делакруаның кескіндемесінде бояулар өзіндік мағынаға ие болды. Оның түстері кейінірек басқа суретшілердің картиналарында кездесе бастады. Оның туындылары көп дау туғызатын болды. нәтижесінде ХІХғ. халық пен суретші арасындағы дау туындады.

Барбизондар. Жаңа әлеуметтік мәселелер бейнелеу өнерінде жаңашылдықтарды талап етті. Адамның ішкі жан дүниесі мен қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды шынайы бейнелеуге деген ұмтылыс романтизм мен реализмді ұштастырған жаңа формалар түрінде бейнеленде. Олардың заманауи академиялық ресми өнерге деген наразалық біріктірді. Реализм ХІХ ғ. өнері үшін жаңалық болмады. Бірақ ХІХ ғ. ортасында өзінің теориялық негіздерінің арқасында реализм эстетикалық әдіске айналды. Кескіндемедегі реализм қоғам өмірі мен көзқарастардан алшақ пейзажда көрініс тапты. Реализм кескіндемесінің алғашқы даму кезеңі барбизондардың өнерімен байланысты. Бұл Париж маңындағы Барбизон ауылына табиғатты, орман мен даланы салуға жиналған суретшілер тобы еді(Теодор Русо(1812-1867), Франсуа Добинья(1817-1875). Барбизондар табиғатты мұқият зерттей отырып, натура этюдін әртүрлі уақыт мезгілінде салып отырды. Соған қарамастан жұмысты аяқтау шеберханада жүргізілетін болған. Жанрлық кескіндемедегі критикалық реализмнің тұрақтауына адамның пейзаждағы шынайы бейнесі әсерін тигізді.

Густав Курбе мен Жан-Франсуа Милле, Оноре Домье және Камиль Короның шығармашылықтары. Көпшілік оның дәстүрлі сұлулық эталонынан алшақ образдарының өрескелдігіне таңқалды(«Прачки», «Купальщицы»). Сыншылар Курбенің шығармашылығына қарсы болып, оны «ұятсыздықты насихаттаушы» деп айптады. Оның жұмыстары академиялар тарапынан наразылық тудырып, Салондар тарапынан қабылданбады. 1855 ж. Курбенің туындылары Бүкіләлемдік Париж көрмесіне қабылданбаған соң, ол «Павильон реализма» аталған жеке өзінің көрмесін ашып, өзінің реализмінің принциптерін жариялаған каталог шығарды. Осы принциптердің декларациясы өнердегі реализмнің бағдарламасына айналды. Курбе алғашқылардың бірі болып ХІХ ғ. «реализм» түсінігін революциялық көзқарас және буржуазиялық қоғамға қарсы күрес ретінде түсінуге шақырды. 40-ж. барбизон суретшілер қатарына Жан Франсуа Милле(1814-1875) қосылды. Ол

Парижде өзінің Библиялық және антикалық сюжеттегі картиналарының арқасында танылды. Оның шығармашылығының жаңа кезеңі шаруалар, ауыл тұрмысы тақырыбымен байланысты болды. Милленің реалистік картиналарында адам мен табиғаттың жер еңбегі арқылы байланысы көрсетіледі. Алғаш рет кескіндеме туындысының басты кейіпкері картинадағы адамдар болды: «Собирательницы колосьев», «Сеятель», «Человек с мотыгой». Оның басты жетістігі: шығу тегі қарапайым шаруа болған ол, шаруаның басты күші еңбек екенін білді. Оның барлық картиналарында дәріптегені – еңбек. Оның туындыларында мерекелік көңіл күй жоқ. Ол бейнелеген адамдар не жұмыс істеп жатады, не болмаса жұмыстан шаршап, тынығып отырады. Кір жуушылар күні түні кір жуады, кешқұрым әйелдер егін жинайды, адам кейпін жоғалтқан қыздар далада сиыр бағып жүреді. Тағы бір әйел ешкі бағып, шұлық тоқып отыр. Аурашаң бала жатыр, ал оның қайғыдан көз ашпаған жас анасы қасында отырады. Тек қоңырау соғылған сәтте ғана барлығы жұмыстарын тастап, дұға оқуға кіріседі. Франциядағы революциялық процесстер Оноре Домьенің(1808-1879) шығармашылығында көрініс тапты. Оның әлеуметтік шығу тегі айналада қатаң әлеуметтік күрес, көтерілістерді аяусыз басып-жаншу орын алып жатқанда жайбырақат отыруға мүмкіндік бермеді. «Улица Трансоне» картинасында ол билік сарбазарының қарапайым жұмыскер аудандағы бір отбасыны қырып салуын бейнеледі. Домье – саяси иллюстрацияның, жанрлық кескіндеменің, батыл сатираның шебері. Ол саяси күресті мазақ қылып, сол тақырыпқа карикатура шығарып отырды. Домье жұмыс істеген «Карикатюр» журналына 1835 ж. тыйым салынды. Графикада да Домье буржуазиялық қоғамды мазақ етіп, сол тұрмыс пен ұстанымдар туралы карикатуралар сериясын жариялады («Супружеские нравы», «Парижские типы»). Осы кезеңде пайда болған литография оның туындыларын көбейтуге мүмкіндік берді. Кескіндеме мен графикадағы реалистік бағыттың бұрынғы эстетикалық элементтері жоқ болды десек те болады. Негізгі туындылар шындықты бейнелеу, адам тұрмысын бейнелеу болды. Бұндай өнер түрінен ләззат алу үшін өнертанушы болу немесе эстетикалық сананы тәрбиелеудің қажеті болмады. Реалистік өнер көпшіліктің қабылдауы үшін жеңіл болды. Осылайша көпшілікке ортақ өнерді дамытудың жолы пайда болды. Табиғат әлемімен үйлесім тапқан адамды бейнелеуде үлкен жетістікке жеткен француз пейзажының неізгі маманы – Камиль Коро(1796-1875). Ол тек нимфаларды ғана емес, қарапайым адамдары: сиыр бағып жүрген әйелдерді, егіншіліктен қайтып келе жатқан шаруаларды да бейнеледі. Короны «көңіл күй пейзажының» атасы деп те атайды. Түстердің тұрақсыздығы пейзаждың ауыспалылығын көрсетеді.

Бакылау сұрактары

- 1.Сәулет өнеріндегі ампир стилінің ерекшеліктері
- 2.Энгр шығармашылығының негізгі принциптері
- 3.Давидтің «Клятва Горациев» картинасы
4. Давидтің «Убийство Марата Шарлоттой Корде» картинасы
- 5.«Романтизм» стилін сипаттаңыз
- 6.Жерико мен Делакруа шығармаларындағы романтизмнің көріністері
7. Барбизондар шығармаларындағы романтизмнің көріністері
8. Барбизондар бірлестігінде салынған Милле мен Курбенің кескіндемелері

Әдебиеттер

1. Давид/ Сост.:В.Н. Березина. – Л.: Изд-во Гос. Эрмит.,1963
2. Костеневич А. Французская живопись: XIX-начало XX века в Эрмитаже. Очерк – путеводитель/ А. Костеневич. – Л.: Аврора, 1979
3. Мастера мировой живописи: Великие художники XIX-XX века/ Под ред. Е.Д. Федотовой. – М.: Белый город, 2002
4. Мировая культура и искусство: электронный учебник. – М.: издательский дом «Равновесие», 2007.
5. Калитина Н. Домье: (1808-1879)\ Н. Калитина. – М.: Искусство, 1995.
6. Костеневич А. Французская живопись: XIX-начало XX века в Эрмитаже. Очерк – путеводитель/ А.Костеневич. –Л.: Аврора, 1979.
7. Мастера мировой живописи: Великие художники XIX-XX века/ Под ред. Е.Д. Федотовой. – М.: Белый город, 2002
8. Мировая культура и искусство: электронный учебник. – М.: издательский дом «Равновесие», 2007.